

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«FORTEBANK» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДАҒЫ ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ

"ForteBank" АҚ (бұдан әрі – "Банк") оның атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 8/1, 2021 жылғы 12 шілдеде Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 10.00-ден 11.00 дейін келесі мекенжайда өткен: Қазақстан Республикасы, Z05P1P0/010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 8/1, 8-қабат, "Astana" мәжіліс-залы, Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысындағы (бұдан әрі – "Жиналыс") дауыс беру қорытындысы туралы хабарлайды.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес Жиналыста келесі мәселелер қаралды және дауыс беру нәтижелері бойынша келесідей шешімдер қабылданды.

* * *

Күн тәртібінің 1-мәселесі бойынша "ForteBank" акционерлік қоғамының Жарлығына № 7 өзгерісті бекіту туралы"

1. "ForteBank" акционерлік қоғамының Жарлығына енгізілетін №7 өзгеріс осы шешімнің 1-қосымшамындағы редакцияда бекітілсін, осы шешім қабылданған күні күшіне енгізілсін.
2. Банк Басқармасының Төрағасы Г. Андроникашвилиге (немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға) "ForteBank" акционерлік қоғамының Жарлығына енгізілетін №7 өзгеріске оның акционерлерінің атынан қол қою және "ForteBank" акционерлік қоғамының Жарлығына енгізілетін №7 өзгерісті бекітумен байланысты басқа әрекеттерді орындау өкілеттігі берілсін.

* * *

Күн тәртібінің 2-мәселесі бойынша "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге № 1 түзетулерді бекіту туралы"

Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге №1 түзетулер бекітілсін, олар осы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енгізілсін.

* * *

Күн тәртібінің 3-мәселесі бойынша "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банктің 2014–2020 жылдарға қойған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізгені үшін бекітілмеген сыйақы деңгейін белгілеу туралы"

1. Директорлар кеңесінің мүшесі – Банктің тәуелсіз директоры Х. Пандзаға және Банктің Директорлар кеңесінің экс-мүшесі Р. Бектуровқа Банктің 2014-2020 жылдарға қойған стратегиялық мақсаттарға жеткені үшін тіркелмеген сыйақы деңгейі осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес осы шешімнің 2-тармағын ескере отырып белгіленсін.
2. Директорлар кеңесінің мүшесі – Банктің тәуелсіз директоры Х. Пандзаға және Банктің Директорлар кеңесінің экс-мүшесі Р. Бектуровқа осы шешімнің 3-қосымшасында көрсетілген тіркелмеген сыйақы деңгейінің 50 % құрайтын тіркелмеген сыйақының бір бөлігі (тұрақты бөлігі) төленсін.

* * *

Күн тәртібінің 4-мәселесі бойынша "Банктің Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы"

1. 2021 жылғы 02 тамыздан бастап Андроникашвили Гурам Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі болып, Банк акционері Булат Жамитович Утемуратовтың мүддесін танытушы ретінде сайлансын.
2. Гурам Андроникашвилидің Банк Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттік мерзімі Банк Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі өткен кезде сонымен бірге, яғни 2022 жылы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілу кезінде аяқталады деп белгіленсін.
3. Банк Директорлар кеңесінің мүшесі Гурам Андроникашвилидің ай сайынғы тіркелген сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген салық және басқа есептеулер есептелмей, осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
4. Банк Директорлар кеңесінің мүшесі Гурам Андроникашвилиге басқа төлемдер "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесіне сыйақы төлеу және олардың шығынын өтеу саясатында белгіленген мөлшерде және тәртіпте жүзеге асырылады деп белгіленсін.

* * *

Жиналысқа оның өткізілген уақыты бойы ұсынылған Банктің дауыс беруші қарапайым акцияларының жалпы саны – 73 714 243 282 (қарапайым акциялардың жалпы санының 98,7032%).